«Бекітемін»
«Алтын сақа» жекеменшік
шағын орталық директоры:
_________ А.К.Досбергенова
«__06__» ___________2024ж

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:**

**«Сиқырлы математика»**

**Ашық сабақ тақырыбы: " Сиқырлы математика ертегілер әлемі"**

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы.**
**Білім беру саласы: «Таным»**
**Білім көздері:** Қарапайым математикалық ұғымдар
**Тақырыбы:** Сиқырлы математика ертегілер әлемі.
**Мақсаты:** Ертегі арқылы математикалық білім дағдыларын шыңдау 1-5 дейінгі сандарды тура және кері санау.
-Дидактикалық ойындар арқылы геометриялық пішіндер мен түстерді ажырата білуге үйретуді жалғастырып, пішіндерден неше түрлі бейнелер құрастыру. Топтасып тапсырманы орындау арқылы бір-бірімен тату дос болуға тәрбиелеу.
**Қолданылған әдіс-тәсілдер:** топпен жұмыс, тосынсый. Дидактикалық ойын.

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | |
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | **Шаттық шеңбері:**<br>Біз балдырған тең басқан<br>Дос құшағын кең ашқан<br>Тілегіміз жақсылық<br>Ашық болсын кең аспан<br>Берік болсын іргеміз<br>Бәріміз бір біргеміз<br>Енді әрқайсысымыз өз орнымызға | Балалар шеңберге тұрып шаттық шеңберін жасайды<br>-Сәбіз<br>-Үшбұрыш<br>-Көктем<br>-Наурыз, сәуір, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | отырайық.<br>Балалар біз өзіміз жақсы көріп тыңдайтын ертегілерімізді еске түсірейік.<br>Ерте, ерте, ертеде..........<br>Шалқан, Жетілақ, Қызыл телпек, Үйшік, Түлкі мен тырна, Мақтақыз бен мысық т.б. Олай болса бүгінгі оқу іс-әрекетімізде «Бауырсақ» ертегісі арқылы бастағымыз келіп отыр.<br>Балалар ертегіде Бауырсақ ең бірінші қандай кейіпкермен кездеседі<br><br>1. **Қоян** (дұрыс айтасыңдар), (музыкамен келеді)<br>Мен Қоянмын,Қоянмын.<br>Сәбіз жесем тоямын<br>Қасқырдан қорқамын,<br>Бауырсақты жеп қоямын.<br>Мен сендерге сұрақ қоямын, сендер жауабын тура тапсаңдар бауырсақты жемеймін.<br>**Сұрақ:**<br>а) Мен қандай көкөністі жақсы көремін?<br>б)Сәбіздің пішіні неге ұқсайды?<br>Онда сыйқырлы сәбіздің тапсырмасын орындайық. (жерден сәбізді алады) | мамыр<br>-Аруна, Аружан, Амина.<br>Балалар тура, кері санау жеке-жеке.<br>М. Айсұлтан, Аружан, Дамели, Қ. Айша, Илья<br>-Ия<br>-Кубиктерден пішіндерді айырып атау, түр-түсін айыру, әр топтың алдына тастап сұрайды. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 1)Жылдың қай мезгілі?<br>2)Көктем айларын атаңдар?<br>3)Сендер көктем туралы тақпақ білесіңдерме? Кәне кім айтады?<br>**Тәрбиеші:** Қоян саған біздің балалардың жауабы ұнады ма?<br>Қоян, балалар мен сендерге ризамын жақсы. Сау болыңдар<br>**Тәрбиеші:** Жарайды балалар сендер қоянның тапсырмасын жақсы орындадыңдар. Енді Бауырсаққа орманда қай аң кездеседі.<br>**Қасқыр:** Сәлеметсіңдерме балалар мен сендерге қызықты тапсырмалар әкелдім, егер соны орындасаңдар мен бауырсақты жемеймін.<br>Сұрақ:<br>**1-тапсырма:**1-5 ке дейін тура және кері санау.<br>**Тәрбиеші:** Балалар біз қасқырға сандар туралы білетін тақпақтарымызды айтып берейікші.<br>**2-тапсырма:** Цифрларды суреттермен сәйкестендір..<br>Қасқыр аралап балаларды мақтайды. Мен енді кетуім керек, тапсырманы дұрыс орындадыңдар, рахмет, сендер сияқты дос тапқанымa қуанамын. Сау болыңдар. | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Тәрбиеші:** Балалар Қасқырдыңда тапсырмасын жақсы орындадыңдар, ол да сендерге риза болып кетті. Енді бауырсаққа орманда тағы қандай аң кездесті<br>**Аю-** Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен сендерге қызықты ойындар алып келдім. Келіңдер бірге ойнайық<br>**Тәрбиеші:** Ойнайық па?<br>Онда Аюдың бірінші тапсырмасы қандай екен.<br>**1-тапсырма:** Пішіндерді айыру.(кубизм әдісі)<br>**Тәрбиеші:** Аю балалар тапсырманы дұрыс орындады ма.<br>Аю аралап жүріп, балаларды мадақтайды, жұмысын тексереді. | | |
| **Ұйымдастыру-Іздестіру** | Аю мен бауырсақты жей алмайтын болдым, қой кетейін. Сау болыңдар.<br>**Тәрбиеші:** Жұмбақ жасырады<br>Өзі қу, өзі айлакер,<br>Жүрген жері айқай-шу.<br>Ол қандай аң?<br>Ендеше орманда бауырсаққа қандай аң кездескен?<br>**Түлкі:** Сәлем, достар! Менің тапсырмамды орындауға дайынсыңдар ма? | -жұмбақтың жауабын табады.<br>-Түлкі<br>Мерей,<br>Ақтөре сергіту жаттығуын балалармен орындайды.<br>-санадық, пішіндерді ажырата білдік, | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **1-тапсырма:** Сергіту жаттығуын кім біледі, Кім көрсетеді?<br>**2-тапсырма:** Екінші, төртінші ойыншықты боя.(бояу керек) тапсырманы<br>**Тәрбиеші:**Түлкінің тапсырмасын жақсы орындадық па?<br>**Түлкі:** Балалар мен сендердін көп нәрсе үйрендім, сендер алғыр, тәртіпті, білімді балалар екенсіңдер, мен сендермен қоштасамын.<br>**Тәрбиеші:** Біз Бауырсақ ертегісіндегі барлық аңдардың тапсырмасын орындадық. Бізге қандай аңдар келді. Біз қандай тапсырмаларды орындадық.<br>Олай болса қонаққа кім келеді. Бауырсақ балалармен амандасып өз ризашылығын білдіріп, әкелген сыйлығын таратады.(сендер мені ормандағы аңдардан құтқардыңдар)<br>**Бауырсақ:** Менің сыйлығыма риза болсаңдар мен қайтайын. Сау болыңдар | пішіндерден заттар құрастырдық, жаттығу жасадық, тақпақ айттық<br>Бауырсақ | |
| **Рефлекссивті-түзетушілік** | -Балалар бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Бүгінгі оқу қызметі сендерге ұнады ма? | -Жақсы<br>-Ия бізге қатты ұнады | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Ендеше ортаға шығайық<br>Қол ұстасып тұрайық<br>Шеңберді біз құрайық<br>Көріскенше күн жақсы<br>Сау-саламат болайық! | | |

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс:** 1-5 ке дейінгі реттік сандарды ауызша санауды (тура, кері)

**Көрсете білуі:** 1-5 ке дейін санау, пішіндерді, түстерді танып, көрсете **білуді игереді.**

**Меңгерген дағдылар мен іс-әрекеттер:** Өз бетімен іс-әрекет жасай алады.



